Аннотация: Бұл ғылыми мақалада КУ-2-8:АВ-17-8 интерполимерлік жүйесінің ванадий және молибденнен тұратын бинарлы ерітіндідегі сорбциялық қасиеті сипатталған. Жұмыстың мақсаты өндірісте кеңінен қолданылатын КУ-2-8 (катионит) және АВ-17-8 (анионит) ион алмастырғыш шайырлары негізінде құрылған интерполимерлі жүйелердің ванадий мен молибден иондары бар күрделі ерітіндідегі сорбциялық қасиетін зерттеу. Зерттеуге индуктивті байланысқан

плазмалық оптикалық эмиссиялық спектрометрі, Фурье түрлендіру инфрақызыл (FTIR) спектрометрі және термогравиметриялық талдау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелерінен молибденнің ең жоғары сорбция дәрежесі интерполимерлі жүйенің КУ-2-8:АВ-17-8 1:5 және 2:4 қатынастарында тіркелді. 48 сағаттан кейін бұл нүктелерде сорбция дәрежесі 48.30% және 45.51%-ға жетті. Жеке иониттермен салыстырғанда интерполимерлі жүйеде сорбция белсенділігі айтарлықтай жоғары. Ванадий иондары үшін КУ-2-8:АВ-17-8 интерполимерлі жүйенің 2:4 қатынасы жоғары сорбция дәрежесін (48 сағатта ~52%) көрсетті. Тек ғана катионит (6:0) немесе тек ғана анионит (0:6) жағдайында сорбция дәрежесі төмен (25-38% шамасында). Жүйенің таралу коэффициенттері $K_d(\text{Mo}) = 1.392 \cdot 10^3$ және $K_d(\text{V}) = 1.826 \cdot 10^3$ болды. Сорбциядан кейінгі полимер үлгілерінің ИҚ спектрлерінде оптикалық тығыздық мәндері өзгерген. Ерітіндінің рН мәніне байланысты ванадий әртүрлі иондық формада (VO_2^{2+} , VO_4^{3-}) кездесетіндіктен катионит пен анионитте сорбция қатар жүрген. Бұл екі түрлі функционалды топтың (қышқылдық және негіздік) бір мезгілде әсер етуі маңызды екенін дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері КУ-2-8:АВ-17-8 өндірістік шайырлардан құрылған интерполимерлік жүйесін қолдану сулы ерітінділерден молибден және ванадий иондарын кешенді түрде бөліп алудың тиімді әрі перспективалы әдісі екенін көрсетті.

Түйін сөздер: галлий, катионалмастырғыш шайырлар, ПАҚ гидрогелі, леватит CNPLF, КУ-2-8, Amberlite IR120, сорбция дәрежесі

©Джумадилов Т.К., Химэрсэн Х.*, Имангазы А., Олжабекова Г., 2026.

АО «Институт химических наук имени А.Б. Бектурова», Алматы, Казахстан.

E-mail: huana88@mail.ru

ИССЛЕДОВАНИЕ СОРБЦИОННОЙ СПОСОБНОСТИ ИНТЕРПОЛИМЕРНОЙ СИСТЕМЫ НА ОСНОВЕ ПРОМЫШЛЕННЫХ ИОНИТОВ КУ-2-8 И АВ-17-8 ПО ОТНОШЕНИЮ К ИОНАМ ВАНАДИЯ И МОЛИБДЕНА

Джумадилов Талкыбек — доктор химических наук, профессор, АО «Институт химических наук имени А.Б. Бектурова», Алматы, Казахстан,

E-mail: jumadilov@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9505-3719>;

Химэрсэн Хуангул — PhD, научный сотрудник, АО «Институт химических наук имени А.Б. Бектурова», Алматы, Казахстан,

E-mail: huana88@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5138-5997>;

Имангазы Алдан — научный сотрудник, АО «Институт химических наук имени А.Б. Бектурова», Алматы, Казахстан,

E-mail: kazpetrochem@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-7834-1022>;

Олжабекова Гаухар — инженер, АО «Институт химических наук имени А.Б. Бектурова», Алматы, Казахстан,

E-mail: gauharolzhabek@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0000-4730-5248>.

Аннотация: В статье представлены результаты исследования сорбционных свойств интерполимерной системы КУ-2-8:АВ-17-8 в бинарном растворе, содержащем ионы ванадия и молибдена. Целью работы является изучение

эффективности интерполимерных систем, созданных на основе широко применяемых в промышленности ионообменных смол КУ-2-8 (катионит) и АВ-17-8 (анионит), при извлечении ионов ванадия и молибдена из сложных водных растворов. В работе использованы методы оптико-эмиссионной спектроскопии с индуктивно связанной плазмой, ИК-спектроскопии с преобразованием Фурье (FTIR) и термогравиметрического анализа. Установлено, что максимальная степень сорбции молибдена достигается при соотношениях компонентов интерполимерной системы КУ-2-8:АВ-17-8, равных 1:5 и 2:4. Через 48 часов степень сорбции составила 48,30 % и 45,51 % соответственно. Сорбционная активность интерполимерной системы оказалась значительно выше по сравнению с индивидуальными ионитами. Для ионов ванадия наиболее эффективным оказалось соотношение КУ-2-8:АВ-17-8 = 2:4, при котором степень сорбции через 48 часов достигала около 52 %. При использовании только катионита (6:0) или только анионита (0:6) степень сорбции оставалась существенно ниже и составляла 25–38 %. Коэффициенты распределения составили $K_d(\text{Mo}) = 1,392 \times 10^3$ и $K_d(\text{V}) = 1,826 \times 10^3$. Анализ ИК-спектров полимеров после сорбции показал изменение значений оптической плотности, что свидетельствует о взаимодействии функциональных групп сорбентов с извлекаемыми ионами. Поскольку ванадий в зависимости от pH среды может существовать в различных ионных формах (VO_2^+ , VO_4^{3-}), процесс сорбции протекает одновременно на катионите и анионите. Это подтверждает важную роль совместного действия кислотных и основных функциональных групп. Полученные результаты свидетельствуют о том, что интерполимерная система на основе промышленных смол КУ-2-8 и АВ-17-8 является эффективным и перспективным сорбционным материалом для комплексного извлечения ионов молибдена и ванадия из водных растворов.

Ключевые слова: КУ-2-8, АВ-17-8, интерполимерная система, ионы ванадия, ионы молибдена, сорбция, степень сорбции, коэффициент распределения

Кіріспе. Қазіргі таңда молибден (Mo), ванадий (V) элементтері энергетика, аэроғарыш техникасы, материалтану және химия өнеркәсібінің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін стратегиялық маңызды металдар (de Paz Carmona et al., 2024). Молибден мұнай өңдеу процестеріндегі катализаторлардың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде танылса, ванадий энергияны сақтау жүйелеріндегі ерекше рөліне байланысты «энергетикалық металдар» қатарына жатады (Yarui et al., 2023). Алайда, аталған металдарға деген жаһандық сұраныстың қарқынды өсуі олардың табиғи қорларының азаюына және тапшылық мәселесінің туындауына әкеліп соқты. Осыған байланысты, ресурс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында молибден, ванадий сияқты металдарды бастапқы шикізаттан ғана емес, сонымен қатар қайталама ресурстардан алу мен бөлудің тиімді технологияларын жасау өзекті мәселеге айналып отыр (Henckens et al., 2018; Elshkaki et al., 2017).

Әдеби шолу. Ванадий (IV) мен молибденді (VI) сулы ерітінділерден бөлу процесі олардың кең pH диапазонында әртүрлі химиялық формаларда тұрақты болуына байланысты айтарлықтай қиындықтар тудырады. Осы мәселені шешу

мақсатында зерттеушілер тұндыру, белсендірілген көмірмен адсорбциялау, еріткіш экстракциясы және ион алмасу сияқты әртүрлі әдістерді ұсынды (Kim et al., 2015; Fu et al., 2018; Nguyen et al., 2015; Liu et al., 2020; Yang et al., 2020; Wang et al., 2019). Ион алмасу әдісі ванадий мен молибденнің экологиялық таза және пайдалануға оңай екінші реттік ресурстарды қалпына келтіру әдістерінің бірі. Бұл элементтер сулы ортада анион түрінде болатындықтан, оларды бөліп алу және қалпына келтіру үшін анион алмастырғыш шайырлар қолданылады (Ismailova et al., 2025; An et al., 2017; Wang et al., 2024; MacKeown et al., 2021). Дегенмен, қолданыстағы ион алмасу әдістерінің бірқатар кемшіліктері бар: десорбция процесінің күрделілігі, сорбциялық сыйымдылықтың төмендігі және т.б. Сондықтан, иондарды сұрыптап бөлу мүмкіндігі жоғары, десорбция мен регенерация тиімділігі жақсартылған жаңа шайырларды синтездеу заманауи бөлу технологияларының басым бағыты болып табылады (Guo et al., 2021).

Соңғы жылдары сулы ортадан сирек жер металдары және бағалы металдарды селективті бөліп алу мақсатында өзара активтенген ион алмастырғыштар мен интерполимерлі жүйелерге бірқатар зерттеулер жүргізілді (Jumadilov et al., 2024; Dyussebayeva et al., 2025). Функционалды полимерлердің өзара активтенуі полимер тізбектерінің иондану дәрежесі мен конформациясын өзгертіп, металл иондарымен донорлы-акцепторлы байланыс түзуге қабілетті жаңа адсорбциялық орталықтардың қалыптасуына жағдай жасайды. Бұл үдеріс полимерлі жүйенің сорбциялық сыйымдылығын және таңдамалылығын арттыруға мүмкіндік береді (Jumadilov et al., 2024a; Dyussebayeva et al., 2025; Jumadilov et al., 2024b). Осыған орай, бұл зерттеудің мақсаты – өндірісте кеңінен қолданылатын КУ-2-8 (катионит) және АВ-17-8 (анионит) ион алмастырғыш шайырлары негізінде құрылған интерполимерлі жүйелердің ванадий мен молибден иондары бар күрделі ерітіндідегі сорбциялық қасиетін зерттеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеуге КУ-2-8 (Новохим, Харьков, Украина) күшті катион алмастырғыш және АВ-17-8 (Азот, Черкассы, Украина) күшті анион алмастырғыш шайырлары қолданылды. Мо және V бар модельді ерітінді Na_2MoO_4 (Sigma-Aldrich) және NaVO_4 (Sigma-Aldrich) тұздарын дистилденген суда еріту арқылы дайындалды. Ерітіндідегі Мо және V концентрациясы 5 мг/л.

Жабдықтар. Молибден және ванадий иондарының концентрациясы индуктивті байланысқан плазмалық оптикалық эмиссиялық спектрометрде (ICP-OES, iCAP PRO XP, Thermo Fisher Scientific) анықталды. Фурье түрлендіру инфрақызыл (FTIR) спектроскопиясы (Nicolet 5700, ThermoFisher Scientific, Мэдисон, АҚШ) функционалдық топтардағы өзгерістерді зерттеу үшін пайдаланылды, үлгілердің $500\text{--}4000\text{ см}^{-1}$ диапазонындағы спектрлері алынды. ТГ/ДСК талдауы TG 209 F3 (NETZSCH, Германия) құралында жүргізілді.

Сорбция параметрлері. Полимерлердің сорбция дәрежесі келесі теңдеумен есептелді:

$$\eta = \frac{c_0 - c_e}{c_0} * 100\%, \quad (1)$$

мұндағы C_0 және C_e (мг/л) ерітіндідегі металл иондарының бастапқы және тепе-теңдік концентрациялары, мг/л.

Металл иондарының ерітіндімен ионалмастырғыш шайыр арасында таралу коэффициенті (K_d) мына теңдеумен есептелді:


$$Kd = \frac{C_0 - C_e}{C_e} \cdot \frac{V}{m}, \quad (3)$$

мұндағы C_0 және C_e (мг/л) – металл иондарының бастапқы және тепе-теңдік концентрациялары; V – ерітіндінің көлемі, мл; m – полимердің құрғақ массасы, г.

Мо және V иондарының бөліну коэффициенті мына теңдеумен есептелді:

$$\beta = \frac{Kd_{Mo}}{Kd_V} \quad (4)$$


Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Сорбциялық тәжірибелер Мо–V бинарлы ерітіндісінде ($pH \approx 5.4$, $C_0=5$ мг/л, полимерлердің массасы $\Sigma m=0.12$ г, 298 К) жүргізілді. 1-суретте КУ-2-8:АВ-17-8 интерполимерлі жүйесінің молибден иондарына қатысты сорбция дәрежесі берілген. Алғашқы 30 минут ішінде молибденнің айтарлықтай сінуі байқалмады. Молибденнің сорбциясы 6 сағаттан кейін 5% дан 48 сағатта 48%-ға дейін біртіндеп өсіп, содан кейін қаныққан күйге жетті. Ең жоғары сорбция дәрежесі интерполимерлі жүйенің КУ-2-8:АВ-17-8 1:5 және 2:4 қатынастарында тіркелді. 48 сағаттан кейін бұл нүктелерде сорбция дәрежесі тиісінше 48.30% және 45.51%-ға өскен. Жеке иониттермен салыстырғанда (6:0 қатынасында 4.79% немесе 0:6 қатынасында 32.53%), интерполимерлі жүйеде сорбция белсенділігі айтарлықтай жоғары. Бұл жүйедегі полимерлердің өзара активтену барысында иондану дәрежесі мен конформациясы өзгеріп, жүйенің сорбциялық сыйымдылығы артқанын көрсетеді.



Сурет 1 – Молярлық қатынастары әртүрлі КУ-2-8:АВ-17-8 интерполимерлі жүйелердің молибден иондарына қатысты сорбция дәрежесі

КУ-2-8-АВ-17-8 интерполимерлі жүйенің ванадий иондарын сорбциялау динамикасы 2-суретте берілген. Барлық молдік қатынастар үшін ортақ заңдылық байқалады. Бастапқы 6-сағатқа дейін полимерлердің сорбция дәрежесі барлық молдік қатынас үшін төмен. Әрекеттесу уақыты 24 сағатқа жеткенде сорбция өте қарқынды жүрген. 48 сағатта сорбция жылдамдығы баяулап, қисықтар түзу сызыққа жақындай бастайды. Бұл жүйенің сорбциялық тепе-теңдікке жақындағанын білдіреді. Ең жоғары сорбция дәрежесі КУ-2-8-АВ-17-8 интерполимерлі жүйенің 2:4 қатынасында (48 сағатта ~52%) байқалды. Тек қана катионит (6:0) немесе тек қана анионит (0:6) жағдайында сорбция дәрежесі төмен (25-38% шамасында). Бұл таза шайырларға қарағанда, интерполимерлі жүйе әлдеқайда тиімді екенін көрсетеді.


Ванадий ерітіндіде ортаның рН мәніне байланысты әртүрлі формада (катионды VO_2^+ немесе анионды VO_4^{3-} , $\text{VO}_2(\text{OH})_2^-$ т.б.) кездесе алады (Zeng et al., 2010; Nwe Shwan et al., 2014). Берілген қисықтардан катионит пен анионитте сорбция қатар жүргені көрініп тұр. Бұл ерітіндіде ванадийдің полианионды немесе кешенді формаларының бар екенін және олардың сорбциялануы үшін екі түрлі функционалды топтың (қышқылдық және негіздік) бір мезгілде әсер етуі маңызды екенін дәлелдейді. Таралу коэффициенттері (K_d) сорбциялық артықшылықты сандық бағалау үшін (3) теңдеуге сәйкес есептелді. Есептеуге сәйкес $K_d(\text{Mo}) = 1.392 \cdot 10^3$ және $K_d(\text{V}) = 1.826 \cdot 10^3$ болды. Селективтілік коэффициенті $\beta_{\text{V/Mo}} = 1,312 \cdot 10^3$ берді. Бұл нәтижелер КУ-2-8:АВ-17-8 жүйесінің V(IV) иондары үшін орташа артықшылық көрсетті.



Сурет 2 – Молярлық қатынастары әртүрлі КУ-2-8:АВ-17-8 интерполимерлі жүйелердің ванадий иондарына қатысты сорбция дәрежесі

3-суретте КУ-2-8 катион алмастырғыш шайырының молибден (Mo) және ванадий (V) иондарының сорбциясына дейінгі және кейінгі ИҚ-спектрлері берілген. Екі суреттеде мынадай тұрақты жолақтар бар: $3405\text{--}3422\text{ см}^{-1}$ – гидроксил

топтарының ($-\text{OH}$) және шайыр құрамындағы су молекулаларының созылмалы тербелістері; 2929 см^{-1} – полимерлі қаңқадағы алифатты CH_2 топтарының тербелісі, $1600\text{--}1647\text{ см}^{-1}$ – бензол сақинасындағы $\text{C}=\text{C}$ байланыстарының тербелісі және судың деформациялық тербелістері; $1127\text{--}1160\text{ см}^{-1}$ және $1006\text{--}1038\text{ см}^{-1}$ – бұл сульфотоптардың (SO_3^-) асимметриялық және симметриялық тербелістері. Ал сорбциядан кейінгі спектрде оптикалық тығыздық мәндері төмендеген. Бұл металл иондарының сульфотоптармен байланысқа түскенін көрсетеді. Сульфотоптар аймағында ($1000\text{--}1200\text{ см}^{-1}$) шыңдар аздап ығысып 1128 см^{-1} және 1008 см^{-1} , пішіні өзгерген. Бұл металл катиондарының (Mo және V оксикатиондары түрінде болуы мүмкін) күкірт қышқылы топтарымен иондық байланыс түзгенін дәлелдейді. Молибден мен ванадий иондары шайырдың активті орталықтарымен химиялық әрекеттесіп, кешенді қосылыстар немесе иондық жұптар түзетіндіктен, негізгі өзгерістер сульфотоптар мен сақиналы құрылымдар аймағында байқалады.




Сурет 3 – КУ-2-8 катион алмастырғыш шайырының молибден (Mo) және ванадий (V) иондарының сорбциясына дейінгі және кейінгі ИҚ-спектрлері

АВ-17-8 ионалмастырғышының таза күйіндегі және сорбциядан кейінгі ИҚ-спектрлері 4-суретте берілген. Екі спектрде де шайырдың негізгі құрылымына тән жолақтар сақталған: $3371\text{--}3389\text{ см}^{-1}$ – шайыр құрамындағы су молекулалары мен гидроксил топтарының ($-\text{OH}$) созылмалы тербелістері; 3028 см^{-1} – ароматты сақинадағы $\text{C}-\text{H}$ байланыстарының тербелісі; 2929 см^{-1} – алифатты CH_2 және CH_3 топтарының тербелістері; $1630\text{--}1632\text{ см}^{-1}$ – бензол сақинасындағы $\text{C}=\text{C}$ байланыстары; 1488 см^{-1} және 1382 см^{-1} – төрттік аммоний тобына тән тербелістер.


Сорбциядан кейінгі үлгінің спектрінде барлық негізгі шыңдардың оптикалық тығыздығы өскен. Мысалы, 1630 см^{-1} тұсындағы шың 0.043 -тен 0.058 -ге дейін жоғарылаған. Бұл шайыр құрылымына ауыр металл кешендерінің енуіне байланысты жүйенің поляризациялануының артқанын көрсетеді. $991\text{--}992\text{ см}^{-1}$ және $924\text{--}925\text{ см}^{-1}$ аймағындағы өзгерістер молибденил (MoO_2^{2+}), ванадил (VO^{2+})

топтарының тербелістеріне сәйкес келеді. 1416 см^{-1} және 1339 см^{-1} аймағындағы өзгерістер төрттік аммоний топтарының металл аниондарымен ($[\text{MoO}_4]^{2-}$ немесе $[\text{V}_{10}\text{O}_{28}]^{6-}$) электростатикалық әрекеттесуге түскенін растайды.



Сурет 4 – АВ-17-8 анион алмастырғыш шайырының молибден (Mo) және ванадий (V) иондарының сорбциясына дейінгі және кейінгі ИҚ-спектрлері


КУ-2-8:АВ-17-8 интерполимерлі жүйесінің термиялық тұрақтылығын және фазалық ауысуларын анықтау мақсатында катиониттің таза және сорбциядан кейінгі үлгілеріне ТГ/ДСК талдаулары жасалды. Таза КУ-2-8 шайыры мен оның металл иондарымен (Mo, V) қаныққан үлгілерінің термогравиметриялық қисықтарын (5-сурет) салыстырсақ, үш негізгі ыдырау кезеңінен өткенін көреміз. Салмақ жоғалту шамамен $50\text{--}150^\circ\text{C}$ аралығында басталып, біртіндеп төмендейді. Бұл шайырдың гидрофильді сульфотоптарымен байланысқан гидратты судың булануына сәйкес келеді. $250\text{--}350^\circ\text{C}$ аралығында ДТГ қисығында айқын экзотермиялық эффектімен қатар жүретін төмендеу байқалады. Бұл сульфотоптардың ($-\text{SO}_3\text{H}$) ыдырап, күкірт оксидтерінің бөліну кезеңі. Ал металл иондарының сорбциясынан кейін $100\text{--}180^\circ\text{C}$ аймағында салмақ жоғалту қисығы өзгерген. Бұл кезеңдегі салмақ жоғалту қарқындылығы (ДТГ шыңы) аздап төмендейді. Бұл металл иондарының сульфотоптармен берік химиялық байланыс түзіп, олардың термиялық тұрақтылығын аздап арттырғанын көрсетеді. $400\text{--}500^\circ\text{C}$ жоғары температурада стирол-дивинилбензол матрицасының көміртекті қаңқасы ыдырайды. Термогравиметриялық талдаудан КУ-2-8 шайырының матрицасына молибден мен ванадий иондарының енуі жүйенің термиялық сипаттамаларын өзгерткенін және соңғы қалдық массаның едәуір артқаны байқалады.



Сурет 5 – ТГ, ДСК және ДТГ қисықтары: а - KV-2-8 таза ; б - молибден (VI) және ванадий (IV) иондарымен

AB-17-8 аниониттің бастапқы және металл иондарымен қаныққан үлгілерінің термогравиметриялық талдауларына келер болсақ (6-сурет), таза аниониттің термиялық деструкциясы бірнеше кезеңнен тұрады: 40–120 °C массаның шамамен 15-18%-ға кемуі байқалады. Бұл процесс ионит құрылымындағы бос судың және гидраттық қабықшадағы су молекулаларының бөлінуімен (дегидратация) түсіндіріледі. ДТГ қисығындағы алғашқы ауытқу осы температура аралығына сәйкес келеді. Келесі 180–280 °C полимерлік қаңқаның функционалдық топтарының ыдырауы басталады. ДСК қисығындағы эндотермиялық эффектілер химиялық байланыстардың үзілуін растайды. 280 °C-тан жоғары температурада үлгінің массасы күрт төмендеп, полимерлік матрицаның деструкциясы тереңдей түседі. Мо және V иондарына қаныққан анионит үлгісінде термограмманың сипаты айтарлықтай өзгереді, бұл сорбент құрылымында жаңа химиялық кешендердің түзілгенін көрсетеді.

Термиялық ыдырау соңында (500 °C-қа жуық) үлгінің қалдық массасы шамамен 5-7%-ды құрайды. Бұл қалдық сорбцияланған металдардың (Мо және V) тұрақты оксидті қосылыстары болып табылады.



Сурет 6 – ТГ, ДСК және ДТГ қисықтары: а – бастапқы АВ-17-8 ; б - АВ-17-8 молибден (VI) және ванадий (IV) иондарымен

Қорытынды. Зерттеу жұмысының нәтижелері КУ-2-8 және АВ-17-8 иониттерінен құралған интерполимерлік жүйенің ванадий мен молибден иондарын сорбциялауда жекелеген шайырларға қарағанда тиімділігі жоғары екенін көрсетті. Жүргізілген талдаулар негізінде келесідей негізгі тұжырымдар жасалды:

1. Интерполимерлік жүйенің құрамындағы компоненттердің қашықтан өзара әрекеттесуі сорбциялық қабілетті едәуір арттырады. Молибден (Мо) үшін ең жоғары сорбция дәрежесі КУ-2-8:АВ-17-8 жүйесінің 1:5 және 2:4 молдік қатынастарында байқалды (45-48%). Ванадий (V) үшін полимерлердің 2:4 молдік қатынасы тиімді болды, мұнда сорбция дәрежесі 52%-ға жетті. Бұл нәтижелер жеке катионит (6:0) немесе анионитпен (0:6) салыстырғанда (25-38%) жоғары.

2. Сорбциядан кейінгі ИҚ спектрлердегі оптикалық тығыздықтың өзгеруі металл иондары мен полимерлердің функционалды топтары арасында химиялық байланыстың түзілгенін растайды. Жүйенің таралу коэффициенттері ($K_d(\text{Mo}) = 1.392 \cdot 10^3$, $K_d(\text{V}) = 1.826 \cdot 10^3$) металдарды ерітіндіден бөліп алудың тиімділігін көрсетеді.

References

- de Paz Carmona H., Kocík J., Hidalgo Herrador J.M. & Vráblík A. (2024) Effectiveness of Mo, NiMo, and CoMo catalysts for co-hydroprocessing furfural-acetone aldol condensation adducts with atmospheric gas oil to produce biofuels. *Fuel*. – 355. – Art. No. 129489. <https://doi.org/10.1016/j.fuel.2023.129489>. (in English)
- An Y., Ma B., Li X., Chen Y., Wang C., Wang B., Gao M. & Feng G. (2023) A review on the roasting-assisted leaching and recovery of V from vanadium slag. *Process Safety and Environmental Protection*. – 173. – P. 263-276. <https://doi.org/10.1016/j.psep.2023.03.013>. (in English)
- Henckens M.L.C.M., Driessen P.P.J. & Worrell E. (2018) Molybdenum resources: Their depletion and safeguarding for future generations. *Resources, Conservation and Recycling*. – 134. – P. 61-69. <https://doi.org/10.1016/j.resconrec.2018.03.002>. (in English)
- Elshkaki A., Barbara K.R. & Graedel T.E. (2017) Anthropogenic nickel supply, demand, and associated energy and water use. *Resources, Conservation and Recycling*. – 125. – P. 300-307. <https://doi.org/10.1016/j.resconrec.2017.07.002>. (in English)
- Kim H.I., Lee K.W., Mishra D., Yi K.M., Hong J.H., Jun M.K. & Park H.K. (2015) Separation of molybdenum and vanadium from oxalate leached solution of spent residue hydrosulfurization (RHDS) catalyst by liquid–liquid extraction using amine extractant. *Journal of Industrial and Engineering Chemistry*. – 21. – P. 1265-1269 <https://doi.org/10.1016/j.jiec.2014.05.043>. (in English)
- Fu H., Li Y., Cao G. & Zhao Z. (2018) Separation of Tungsten from Phosphorus-Containing Molybdate Solution Using Solvent Extraction with Primary Amine N1923. *JOM (The journal of the Minerals, Metals & Materials Society)*. – 70 (12). – P. 2864–2868. <https://doi.org/10.1007/s11837-018-3167-7>. (in English)
- Nguyen T.H. & Lee M.S. (2015) Separation of molybdenum(VI) and tungsten(VI) from sulfate solutions by solvent extraction with LIX 63 and PC 88A. *Hydrometallurgy*. – 155. – P. 51–55. <https://doi.org/10.1016/j.hydromet.2015.04.014>. (in English)
- Liu F., Hua R., Zhang F., Liu H., Lee C.-P., Liu H. & Xu B. (2020) Adsorption and separation of Re (VII) using trimethylaminefunctionalized strong base anion exchange resin. *Journal of Radioanalytical and Nuclear Chemistry*. – 326. – P. 445–454. <https://doi.org/10.1007/s10967-020-07305-3>. (in English)
- Yang B., Wu S., Liu X., Yan Z., Liu Y., Li Q., Yu F. & Wang J. (2020) Solid-phase extraction and separation of heavy rare earths from chloride media using P227-impregnated resins. *Rare Metals*. – 40. – P. 2633–2644. <https://doi.org/10.1007/s12598-020-01549-4>. (in English)
- Wang W., Maimaiti A., Shi H., Wu R., Wang R., Li Z., Qi D., Yu G. & Deng S. (2019) Adsorption behavior and mechanism of emerging perfluoro-2-propoxypropanoic acid (GenX) on activated carbons and resins. *Chemical Engineering Journal*. – 364. – P. 132–138. <https://doi.org/10.1016/j.cej.2019.01.153>. (in English)

Ismailova A., Rashit D., Kossova T. & Tileuberdi Y. (2025) Selective Removal of Mo and W from Acidic Leachates Using Thiourea Modified Macroporous Anion Exchanger. *Molecules*. – 30 (18). – 3803. <https://doi.org/10.3390/molecules30183803>. (in English)

An F.Q., Wu R.Y., Li M., Hu T.P., Gao J.F. & Yuan Z.G. (2017) Adsorption of heavy metal ions by iminodiacetic acid functionalized D301 resin: Kinetics, isotherms and thermodynamics. *Reactive and Functional Polymers*. – 118. – P. 42–50. <https://doi.org/10.1016/j.reactfunctpolym.2017.07.005>. (in English)

Wang M., Yang X., Wen J., Li W., Yang H. & Liu W. (2024) Selective anion exchange adsorption of molybdenum (VI) at low concentrations from an acid leached vanadium shale solution containing aluminium and phosphorus. *Hydrometallurgy*. – 229. – 106366. <https://doi.org/10.1016/j.hydromet.2024.106366>. (in English)

MacKeown H., Gyamfi J.A., Delaporte M., Schoutteten K.V.K.M., Verdickt L., Ouddane B. & Criquet J. (2021) Removal of disinfection by-product precursors by ion exchange resins. *Journal of Environmental Chemical Engineering*. – 9. – P. 20–24. <https://doi.org/10.1016/j.jece.2020.104602>. (in English)

Guo F., Xi X., Ma L., Nie Zh. & Nie Z. (2021) Highly efficient sorption of molybdenum from tungstate solution with modified D301 resin. *RSC Advances*. – 11. – P. 32047-32056. <https://doi.org/10.1039/d1ra04458c>. (in English)

Jumadilov T.K., Khimersen K., Haponiuk J.T. & Totkhuskyzy B. (2024) Enhanced Lutetium Ion Sorption from Aqueous Solutions Using Activated Ion Exchangers. *Polymers*. – 16 (2). – 220. <https://doi.org/10.3390/polym16020220>. (in English)

Dyussebayeva G., Jumadilov T., Gražulevicius J., Mukatayeva Z., Khimersen K. & Totkhuskyzy B. (2025) Selective Gold Ion Sorption from Iron-Containing Solution Using an Interpolymer System of Industrial Ion Exchangers. *Polymers*. – 17 (20). – 2808. <https://doi.org/10.3390/polym17202808>. (in English)

Jumadilov T.K., Imangazy A.M., Khimersen K. & Haponiuk J.T. (2024) Remote interaction effect of industrial ion exchangers on the electrochemical and sorption equilibrium in scandium sulfate solution. *Polymer Bulletin*. – 81. – P. 2023–2041. <https://doi.org/10.1007/s00289-023-04800-x>. (in English)

Zeng L., Li Q.G., Xiao L.S. & Zhang Q.X. (2010) A study of the vanadium species in an acid leach solution of stone coal using ion exchange resin. *Hydrometallurgy*. – 105. – P. 176-178. <https://doi.org/10.1016/j.hydromet.2010.07.001>. (in English)

Nve Shwan W. (2014) Sorbcionnoe izvlechenie vanadiya (V) iz razbavlenykh rastvorov [Sorption extraction of vanadium (V) from dilute solutions]. Dissertation for the degree of Candidate of Technical Sciences. Moscow. (in Russian)

**Publication Ethics and Publication Malpractice
in the journals of the «Central Asian Academic Research Center» LLP (Almaty)**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

www.nauka-nanrk.kz

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)

*Managing Editor: A.Shormakova
Editors: D.S. Alenov, T. Apendiev
Computer layout: G.D. Zhadyranova*

Signed for print: June 30, 2026

Format: 70×90 1/16. 24.0 printed sheets. Order No. 2